

Жеке күзет ұйымдарының күзетші құжатының нысаны мен үлгісін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылы 23 ақпандағы № 140 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 27 наурызда № 10543 тіркелді

«Күзет қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 19 қазандағы Заңының 10-бабы 8-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жеке күзет ұйымдарының күзетші құжатының нысаны мен үлгісін бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті (И.В. Лепеха):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауды жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ішкі істер департаменттерінің бастықтары осы бұйрықты тиісті қызметтер қызметкерлерінің зерделеуін ұйымдастырсын және оны бұлжытпай орындауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры Е.З. Тургумбаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р

полиция генерал-лейтенанты

Қ. Қасымов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

І ш к і і с т е р

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 5 ж ы л ғ ы

2 3 а қ п а н д а ғ ы

№

1 4 0

бұйрығымен бекітілген

Жеке күзет ұйымының

күзетшісі құжатының нысаны мен үлгісі

Куәліктің мұқабасы көк түсті теріден, лидериннен, винилді немесе белокроннан дайындалады.

Куәліктің ашылған түрдегі мөлшері 210 x 70 мм. болады.
Сыртында, бет жағында:

КУӘЛІК УДОСТОВЕРЕНИЕ

деген жазу болады.

Куәліктің ішкі жағына ақ түсті жапсырма қағаз жапсырылады. Куәліктің жапсырмасы баспаханалық офсеттік тәсілмен орындалған. Куәліктің жапсырмасы әр қайсысы 95 x 65 мм. екі жартыдан - сол және оң бөліктен тұрады.

Жапсырманың сол бөлігінде мөлшері 3,5 x 4,5 см. фото сурет жапсыруға арналған орын болады. Куәлікті дайындау кезінде мемлекеттік рәміздерді пайдалануға тыйым салынады (оның ішінде сутаңба белгілермен) куәліктердің саны және қорғалу дәрежесі Қазақстан Республикасы ПМ-мен келісіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК